

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 қыркүйектегі № 970 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне енгізілетін өзгерістер**

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.08.2017 № 529 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.03.2022 № 114 қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.03.2022 № 160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. "Әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиядағы Қазақстан Республикасы Үкіметі

өкілдерінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 желтоқсандағы № 1305 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 48, 437-құжат):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері мынадай лауазымдық құрамда тағайындалсын:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға  
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі  
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі  
Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары  
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі."

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.09.2017 № 560 қаулысымен.

7. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 15.06.2017 № 367 қаулысымен.

8. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.06.2017 № 353 қаулысымен.

9. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2017 № 552 қаулысымен.

10. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қыркүйектегі № 1376 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 40, 455-құжат):

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия мынадай құрамда құрылсын:

Қазақстан Республикасының Әділет министрі, төраға

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының Экономикалық даму және кәсіпкерлік комитетімен өзара іс-қимыл жасау бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша )

Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының депутаты (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жауапты хатшысы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жауапты хатшысы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары ( келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бірінші орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің жауапты хатшысы

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жауапты хатшысы

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі

Қазақстан Республикасының "Сырбар" сыртқы барлау қызметі директорының бірінші орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы адам құқықтары жөніндегі комиссияның сарапшылық кеңесі басшысының орынбасары (келісім бойынша)

"Қазақстан Республикасының Заң шығару институты" мемлекеттік мекемесінің директоры (келісім бойынша)

"Нұр Отан" партиясының Қоғамдық саясат институтының директоры (келісім бойынша)

"Қазақ гуманитарлық заң университеті" акционерлік қоғамы конституциялық құқық және мемлекеттік басқару кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың басшысы (келісім бойынша)

"Қазақстан кәсіпкерлері форумы" қауымдастығы атқарушы директорының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасының орынбасары, басқарма мүшесі (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Аппараты басшысының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Аппараты басшысының орынбасары (келісім бойынша)

Республикалық нотариаттық палатаның төрағасы (келісім бойынша)

Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан құрылыс салушылар қауымдастығының атқарушы директоры (келісім бойынша)

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының басқарма мүшесі - басқарушы директоры (келісім бойынша)

"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

"KazEnergy" заңды тұлғалар бірлестігінің құқық мәселелері жөніндегі атқарушы директоры (келісім бойынша).";

көрсетілген қаулымен бекітілген Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Комиссияның жұмыс органы Комиссия жұмысын ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде Комиссия отырысын өткізгенге дейін үш жұмыс күні бұрын Комиссия мүшелеріне жіберілуі тиіс Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Комиссияның отырыстары күнтізбелік жылғы айдың үшінші сейсенбісінде, қажет болғанда, Комиссияның төрағасы белгілейтін өзге де күндерде өткізіледі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру комиссия отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі - Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру арқылы өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген комиссияның есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Комиссия отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы қол қояды".

11. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.04.2022 № 231 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.08.2016 № 476 қаулысымен.

13. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.09.2016 № 546 қаулысымен.

14. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 433 қаулысымен.

15. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 07.06.2017 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2017 № 512 қаулысымен.

18. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.12.2015 № 1085 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
19. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 27.03.2017 № 140 қаулысымен.
20. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.07.2016 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
21. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
22. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 11.07.2018 № 419 қаулысымен.
23. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 07.08.2017 № 475 қаулысымен
24. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.09.2015 № 800 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).
25. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 мамырдағы № 415 қаулысында:  
көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
26. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 433 қаулысымен.
27. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2016 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
28. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 N 1173 қаулысымен.
29. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 765 қаулысымен.
30. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 41, 458-құжат):  
көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
31. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 07.08.2017 № 475 қаулысымен
32. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.09.2016 № 546 қаулысымен.
33. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.07.2016 № 436 қаулысымен.
34. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.04.2022 № 268 қаулысымен.
35. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 08.09.2017 № 553 қаулысымен
36. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.06.2017 № 357 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).
37. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2017 № 512 қаулысымен.
38. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.05.2017 № 318 қаулысымен.
39. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 15.06.2017 № 367 қаулысымен.
40. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.09.2016 № 546 қаулысымен.

41. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.09.2017 № 595 қаулысымен.

42. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.08.2017 № 529 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

43. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.10.2024 № 826 қаулысымен.

44. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 15.06.2017 № 367 қаулысымен.

45. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.10 № 1182 (01.01.2017 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

46. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.10.2015 № 829 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

47. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 16.08.2017 № 487 қаулысымен

48. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.04.2017 № 206 қаулысымен.

49. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 07.08.2017 № 475 қаулысымен

50. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 541 қаулысымен.

51. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.09.2016 № 546 қаулысымен.

52. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 16.11.2018 № 756 қаулысымен.

53. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.09.2016 № 546 қаулысымен.

54. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 07.08.2017 № 475 қаулысымен

55. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.04.2017 № 208 қаулысымен.

56. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 17.02.2017 № 77 қаулысымен.

57. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2015 № 1141 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

58. "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 436 қаулысында:

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға 51-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

59. "Қазақстан Республикасының спортшыларын кезекті 2013 жылғы Алматы қаласындағы (Қазақстан Республикасы) жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы 3-Еуразиялық спорт ойындарына, 2014 жылғы Сочидегі (Ресей Федерациясы) XXII қысқы Олимпиада, Параолимпиада және Сурдолимпиада ойындарына, 2014 жылғы Инчеондағы (Корей Республикасы) 17-жазғы Азия ойындарына, 2016 жылғы Рио-де-Жанейродағы (Бразилия Республикасы) XXXI жазғы Олимпиада, Параолимпиада және Сурдолимпиада ойындарына және 2017 жылғы Саппородағы (Жапония) 8-қысқы Азия ойындарына қатысуға даярлау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 6 маусымдағы № 578 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының спортшыларын кезекті 2013 жылғы Алматы қаласындағы (Қазақстан Республикасы) жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы 3-Еуразиялық спорт ойындарына, 2014 жылғы Сочидегі (Ресей Федерациясы) XXII қысқы Олимпиада, Параолимпиада және Сурдолимпиада

ойындарына, 2014 жылғы Инчеондағы (Корей Республикасы) 17-жазғы Азия ойындарына, 2016 жылғы Рио-де-Жанейродағы (Бразилия Республикасы) XXXI жазғы Олимпиада, Параолимпиада және Сурдоолимпиада ойындарына және 2017 жылғы Саппородағы (Жапония) 8-қысқы Азия ойындарына қатысуға даярлау жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы осы қаулыға 52-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

**60. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 26.01.2018 № 34 қаулысымен.**

61. "Балқаш жылу электр станциясы" жобасын іске асыру мәселелері жөнінде комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 7 тамыздағы № 805 қаулысында:

1) көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға 53-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген "Балқаш жылу электр станциясы" жобасын іске асыру мәселелері жөнінде комиссия туралы ережеде:

8-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады."

**62. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.02.2015 № 42 қаулысымен.**

63. "Астана қаласында ЭКСПО - 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін және Алматы қаласында 28-ші қысқы Дүниежүзілік универсиада - 2017-ні дайындау және өткізу кезеңінде қауіпсіздік пен құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар әзірлеу үшін ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 1299 қаулысында:

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға 55-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

**64. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.09.2016 № 546 қаулысымен.**

**65. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 26.01.2018 № 34 қаулысымен.**

**66. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 07.08.2017 № 475 қаулысымен**

**67. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.09.2022 № 699 қаулысымен.**

**68. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.09.2016 № 546 қаулысымен.**

69. "Мемлекеттік органдардың нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған қызметін үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық штаб құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 15 қыркүйектегі № 129-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен құрылған Мемлекеттік органдардың нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған қызметін үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық штабтың құрамы осы қаулыға 61-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

70. "Алматы қаласында 2017 жылғы 28-ші Бүкіләлемдік қысқы универсиаданы дайындау мен өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 25 сәуірдегі № 86-ө өкімінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне жүктелсін.";

көрсетілген өкіммен бекітілген Алматы қаласында 2017 жылғы 28-ші Бүкіләлемдік қысқы универсиаданы дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы осы қаулыға 62-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

71. "1941 - 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 9 шілдедегі № 105-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген "1941 - 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы осы қаулыға 63-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

72. "Алматы - 2015 жылғы ислам мәдениетінің астанасы" іс-шарасын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 32-ө өкімінде:

1) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне жүктелсін.";

2) көрсетілген өкіммен бекітілген Алматы - 2015 жылғы ислам мәдениетінің астанасы" іс-шарасын дайындау және жүргізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы осы қаулыға 64-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

**73. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.09.2022 № 699 қаулысымен.**

74. "Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымын құру бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 17 маусымдағы № 86-ө өкімінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымын құру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, басшысы

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, басшының орынбасары

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Экономикалық интеграция және аграрлық азық-түлік нарығы департаментінің директоры, хатшы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары



Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі  
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министрі  
Астана қаласы әкімінің орынбасары

"ҚазАгро" -ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

"Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша).".

75. "Ең табысты Азия елдерінің экономикалық даму және өнеркәсіптік әртараптандыру тәжірибелерін зерделеу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 25 шілдедегі № 106-ө өкімінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, басшы

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, басшының орынбасары

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, хатшы

Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің орынбасары

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)

"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)

"Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымының президенті (келісім бойынша).".

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі өкімдерінің тізбесі**

1. "Жастар ісі жөніндегі Кеңесті құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 шілдедегі № 1165 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 31, 396-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 шілдедегі № 1165 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 сәуірдегі № 490 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 14, 173-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 шілдедегі № 1165 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 тамыздағы № 887 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 14, 173-құжат).

4. "Қазақстан Республикасының орнықты даму жөніндегі кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 наурыздағы № 345 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 15, 186-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 368 және 2000 жылғы 31 шілдедегі № 1165 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 сәуірдегі № 413 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 17, 214-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 маусымдағы № 807 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 28, 374-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 шілдедегі № 1165 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 420 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 28, 374-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 наурыздағы № 345 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 шілдедегі № 723 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 29, 369-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қарашадағы № 1176 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 44, 587-құжат).

10. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 шілдедегі № 1165 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6

маусымдағы № 517 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 22, 213-күжат).

11. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 шілдедегі № 1165 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 сәуірдегі № 333 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 13, 151-күжат).

12. "Халықаралық рейтингтік агенттіктермен өзара іс-қимылды жақсарту жөнінде комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі № 688 қаулысы.

13. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі № 688 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 89 қаулысы.

14. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі № 688 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 қыркүйектегі № 1341 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 37, 365-күжат).

15. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 қазандағы № 1703 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне енгізілетін өзгерістердің 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 46, 436-күжат).

16. "Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі бірыңғай үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 308 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 30, 229-күжат).

17. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 шілдедегі № 1165 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 мамырдағы № 470 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 35, 279-күжат).

18. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 маусымдағы № 612 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы.

19. "Үлестік құрылыстың проблемалық мәселелерін шешу жөніндегі бірыңғай үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 тамыздағы № 823 қаулысы.

20. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 наурыздағы № 240 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 26, 304-құжат).

21. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 маусымдағы № 705 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне енгізілетін өзгерістердің 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 43, 566-құжат).

22. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 наурыздағы № 353 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне енгізілетін өзгерістердің 7-тармағы.

23. "Өкімшілік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөнінде ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 сәуірдегі № 506 қаулысы.

24. "Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаға, "Бизнестің жол картасы 2020", "Жұмыспен қамту 2020", 2011 - 2020 жылдарға арналған "Ақ бұлақ", 2011 - 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламаларына бөлінетін бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылау жөнінде Республикалық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 қарашадағы № 1409 қаулысы.

25. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қарашадағы № 1445 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне енгізілетін өзгерістердің 23 және 33-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 79, 1166-құжат).

26. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 541 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 35, 521-құжат).

27. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне енгізілетін өзгерістердің 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 38, 552-құжат).

28. "Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламаға, "Бизнестің жол картасы 2020", "Жұмыспен қамту 2020", 2011 - 2020 жылдарға арналған "Ақ бұлақ", 2011 - 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламаларына бөлінетін бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылау жөнінде республикалық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 қарашадағы № 1409 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 ақпандағы № 75 қаулысы.

29. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 329 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 18, 32, 41, 43, 61, 64, 78 тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 26, 212-құжат).

30. "Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі республикалық басқару орталығын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 13 ақпандағы № 26-ө өкімі.

31. "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 13 ақпандағы № 26 -ө өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 27 мамырдағы № 77-ө өкімі.

32. "Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын дамыту мәселелері жөніндегі басқарушы комитетті құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 30 мамырдағы № 76-ө өкімі.

33. "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын дамыту мәселелері жөніндегі басқарушы комитетті құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 30 мамырдағы № 76-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 62-ө өкімі.

34. "Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі республикалық басқару орталығын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 13 ақпандағы № 26-ө өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 4 сәуірдегі 64-ө өкімі.

35. "Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын дамыту мәселелері жөніндегі басқарушы комитетті құру туралы" Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің 2011 жылғы 30 мамырдағы № 76-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 2012 жылғы 18 маусымдағы № 118-ө өкімі.

36. "Азия Даму Банкі Басқарушылар кеңесінің 47-ші жыл сайынғы мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 8 тамыздағы № 146-ө өкімі.

37. "Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын дамыту мәселелері жөніндегі басқарушы комитетті құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 30 мамырдағы № 76-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 206-ө өкімі.

38. "Азия Даму Банкі Басқарушылар кеңесінің 47-ші жыл сайынғы мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 8 тамыздағы № 146-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 12 ақпандағы № 23-ө өкімі.

39. "Азия Даму Банкі Басқарушылар кеңесінің 47-ші жыл сайынғы мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 8 тамыздағы № 146-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 148-ө өкімі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 21 сәуірдегі  
№ 367 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясының құрамы**

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.03.2022 № 114 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
3-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

1998 жылғы 21 сәуірдегі  
№ 368 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық  
ономастика комиссиясының құрамы**

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.03.2022 № 160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
4-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 21 маусымдағы  
№ 813 қаулысымен  
бекітілген

**Республикалық бюджеттен берілген несиелерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомстваралық комиссияның құрамы**

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.09.2017 № 560 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
5-қосымша

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 15.06.2017 № 367 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
6-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 27 шілдедегі  
№ 1140 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің құрамы**

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2017 № 552 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
7-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 30 қазандағы  
№ 1631 қаулысымен  
бекітілген

### **Туризм жөніндегі кеңестің құрамы**

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.04.2022 № 231 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
8-қосымша

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.08.2016 № 476 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
9-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 23 сәуірдегі  
№ 540 қаулысына  
қосымша

### **Ертіс су қоймалары құлаамасының су ресурстарын пайдалану жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін ведомстволық комиссияның құрамы**

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.09.2016 № 546 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
10-қосымша

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің



2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
11-қосымша

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 07.06.2017 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
12-қосымша

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2017 № 512 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
13-қосымша

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.12.2015 № 1085 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
14-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 31 қазандағы  
№ 1087 қаулысымен  
бекітілген

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 27.03.2017 № 140 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
15-қосымша

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.07.2016 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
16-қосымша

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
17-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 836 қаулысымен  
бекітілген

**Республикалық меншікке жататын объектілерге қатысты  
концессиялар жөніндегі комиссияның  
құрамы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға  
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, төрағаның орынбасары  
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі департаментінің  
директоры, хатшы

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі  
Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары  
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму  
вице-министрі

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі  
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің Экономикалық реформа және  
өңірлік даму комитетінің мүшесі (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Конституциялық заңнама, сот  
жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің өкілі (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
18-қосымша

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.06.2017 № 357 қаулысымен (алғашқы  
ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
19-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 28 қазандағы  
№ 1025 қаулысымен  
бекітілген

**Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі  
комиссияның құрамы**

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға  
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі, төрағаның  
орынбасары  
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту  
және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің төрағасы, хатшы  
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары (келісім бойынша)  
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы, төрағаның орынбасары (келісім бойынша)  
Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)  
Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)  
Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)  
Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)  
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі  
Қазақстан Республикасының Әділет министрі  
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі  
Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары - Қазақстан Республикасы  
Президентінің Әкімшілігі Хатшылығының меңгерушісі (келісім бойынша)  
Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің  
меңгерушісі (келісім бойынша)  
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің  
Әлеуметтік-экономикалық бөлімі меңгерушісінің орынбасары  
Қазақстан Республикасы Бас прокурорының аға көмекшісі - Қазақстан  
Республикасының Парламентіндегі өкіл (келісім бойынша)  
"Нұр Отан" партиясы төрағасының орынбасары (келісім бойынша)  
"Егемен Қазақстан" республикалық газеті" акционерлік қоғамының президенті (  
келісім бойынша)  
"Қазақ тілі" халықаралық қоғамының президенті (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Л.И. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының халықаралық қатынастар факультеті түркітану кафедрасының меңгерушісі (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Л.И. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорны философия кафедрасының меңгерушісі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры

"Қазақ гуманитарлық заң университеті" акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының профессоры

"Қазақ ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясы" республикалық қоғамдық бірлестігінің вице-президенті (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысына  
20-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 24 мамырдағы  
№ 415 қаулысына  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кәмелетке  
толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі  
ведомствоаралық комиссияның  
құрамы**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, төраға

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті балалардың құқықтарын қорғау басқармасының бастығы, хатшы

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі

